Бекітемін
ЖК «Ақниет» «Ақ ниет»
балабақшасының меңгерушісі
Н.Д. Джубаниязова

2024-2025 оқу жылының жалпы ата-аналар жиналысының кестесі

Мақсаты: Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беруде ата-аналардың педагогикалық құзыреттіліктерін жоғарылату, баланың жан-жақты дамуы үшін ата-аталар мен балабақшаның өзара әрекетін белсендендіру, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін жоғарылату.

№ / Айлар	Жүргізілетін жұмыс түрлері мен мазмұны	Жауаптылар
Қыркүйек	1.Жаңадан келген ата-аналармен келісім-шартқа отыру, ата-аналарға кеңес беру. 2.Жалпы ата-аналар жиналысын өткізу. Тақырыбы: «Баланы ерте жастан дамытуда педагог пен ата-ана байланысын нығайту жолдары». -Ұйымдастырылған іс-әрекет жоспарымен және күн тәртібімен таныстыру. -Топ тәрбиешілерімен таныстыру. - Ата-аналар комитетінің құрылымын бекіту. 3. Кеңес беру: «Балабақшадағы адаптация»	Меңгеруші, Әдіскер, Тәрбиешілер, Медбике
Қаңтар	1.Жалпы ата-аналар жиналысы: «Бала жетістігі – отбасы мен балабақшаның бірлескен еңбегінің нәтижесі». 2. I жартыжылдық қорытындысы: балалардың жетістіктері, даму нәтижелері және алдағы міндеттерді ата-аналармен талқылау.	Тәрбиешілер, Әдіскер, Психолог
Мамыр	1.Жалпы ата-аналар жиналысы. Тақырыбы: «Бала біздің- болашағымыз». 2.Кеңес беру: «Жазғы демалыстың қауіпсіздігін ұйымдастыру».	Әдіскер, Тәрбиешілер, Медбике, Меңгеруші

№1 жалпы ата-аналар жиналысының хаттамасы

Күні: «23» қыркүйек 2025 жыл
Қатысқандар: 33 ата-ана
Қатыспағандар: 5 ата-ана

Күн тәртібі:

1. Жаңадан келген тәрбиеленушілердің ата-аналарымен келісім-шарт жасау және ата-аналарға кеңес беру.
2. «Баланы ерте жастан дамытуда педагог пен ата-ана байланысын нығайту жолдары» тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысын өткізу.
   -Ұйымдастырылған іс-әрекет жоспарымен және күн тәртібімен таныстыру;
   -Топ тәрбиешілерімен таныстыру;
   -Ата-аналар комитетінің құрылымын бекіту.
3. «Балабақшадағы адаптация» тақырыбында кеңес беру.

Бірінші мәселе бойынша
Тыңдалды:
Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша меңгеруші Н.Д.Джубаниязова сөз сөйледі.
Меңгеруші жаңа оқу жылында балабақшаға жаңадан қабылданған тәрбиеленушілердің ата-аналарымен жүргізілетін жұмыстарға тоқталды. Ата-аналарға мектепке дейінгі ұйымның ішкі тәртібі, тәрбиеленушілердің күн тәртібі, баланы қабылдау және үйге жіберу тәртібі, қауіпсіздік талаптары және балабақша мен отбасы арасындағы өзара жауапкершілік туралы түсіндірілді.
Жаңадан келген тәрбиеленушілердің ата-аналарымен белгіленген тәртіп бойынша келісім-шарт жасау қажеттігі айтылып, келісім-шарттың мазмұны түсіндірілді.
Ата-аналар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беріліп, баланың балабақшаға бейімделу кезеңінде ата-ананың педагогтермен тығыз байланыста болуының маңыздылығы атап өтілді.
Сөз сөйледі:
Б.К.Нысанова ата-аналарға балабақшадағы тәртіп талаптарын сақтау, баланы уақытында әкелу және алып кету, баланың денсаулығына байланысты өзгерістер болған жағдайда тәрбиешіге хабарлау қажеттігін түсіндірді.

Екінші мәселе бойынша
«Баланы ерте жастан дамытуда педагог пен ата-ана байланысын нығайту жолдары»
Тыңдалды:
Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша әдіскер Б.К.Нысанова сөз сөйледі.
Әдіскер баланың ерте жастағы дамуы үшін отбасы мен балабақша арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастықтың маңызына тоқталды.
Баланың алғашқы даму ортасы отбасы болып саналатынын, ал балабақшада педагогтер баланың жеке қабілеттері мен қызығушылықтарын ескере отырып, оның жан-жақты дамуына жағдай жасайтынын атап өтті.
Педагог пен ата-ана арасындағы тұрақты байланыс баланың мінез-құлқын, қызығушылығын, жетістіктері мен қиындықтарын дер кезінде түсінуге мүмкіндік беретіні айтылды. Осыған байланысты ата-аналарға педагогтермен үнемі пікір алмасып, баланың тәрбиесі мен дамуына қатысты мәселелерді бірлесе шешу ұсынылды.

Ата-аналарға баланың жетістігін басқа балалармен салыстырмай, оның жеке даму қарқынын ескеру, баланы мадақтау және үй жағдайында да балабақшада қалыптасқан дағдыларды бекітіп отыру қажеттігі түсіндірілді.

Ұйымдастырылған іс-әрекет жоспары және күн тәртібімен таныстыру

Әдіскер Б.К.Нысанова ата-аналарды балабақшадағы ұйымдастырылған іс-әрекеттің негізгі бағыттарымен және күн тәртібімен таныстырды.

Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекеттердің жүргізілетіні, күн тәртібінде ойын, тамақтану, серуендеу, тынығу және балалардың еркін әрекетіне уақыт қарастырылатыны түсіндірілді.

Ата-аналарға баланың күн тәртібін үй жағдайында да сақтауға көңіл бөлу ұсынылды.

Топ тәрбиешілерімен таныстыру

Жаңадан келген ата-аналарға топ тәрбиешілері таныстырылды.

Тәрбиешілер өздері туралы қысқаша ақпарат беріп, топтағы балалармен жүргізілетін тәрбиелеу-білім беру жұмыстарының негізгі бағыттарына тоқталды.

Ата-аналарға тәрбиешілермен өзара сыйластық пен түсіністік негізінде жұмыс жасау, баланың жағдайы мен тәрбиесіне қатысты мәселелерді уақытылы хабарлау қажеттігі айтылды.

Ата-аналар комитетінің құрылымын бекіту

Ата-аналар жиналысында ата-аналар комитетін құру мәселесі қаралды.

Ата-аналар комитетінің негізгі мақсаты – ата-аналар мен балабақша арасындағы өзара байланысты нығайту, топтың қоғамдық жұмыстарына ата-аналарды тарту және ортақ мәселелерді бірлесе шешуге ықпал ету екені түсіндірілді.

Ата-аналар ұсыныстары негізінде комитет құрамына төмендегі ата-аналар ұсынылды:

Ата-аналар комитетінің төрайымы: Хайрошева Г.Т.

Комитет мүшелері:

1. Сауырбева С.Н.
2. Кенжегарина З.Х.
3. Ахметжанова З.Н.

Ата-аналар комитетінің ұсынылған құрамы жиналысқа қатысушылардың келісімімен бекітілді.

Үшінші мәселе

«Балабақшадағы адаптация»

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша тәрбиеші Э.А.Куанаева сөз сөйледі.

Тәрбиеші баланың балабақшаға алғаш келген кезеңінде бейімделу үдерісі әр балада әртүрлі өтетінін түсіндірді. Кейбір балалар жаңа ортаға тез үйренсе, кейбір балаларға ұзақ уақыт қажет болуы мүмкін екені айтылды.

Бейімделу кезеңінде баланың мазасыздануы, ата-анасынан ажырағысы келмеуі, көңіл күйінің өзгеруі сияқты жағдайлардың кездесуі мүмкін екені түсіндірілді.

Ата-аналарға осы кезеңде баланы қолдау, балабақша туралы жағымды пікір қалыптастыру, баламен қоштасуды созбау, балабақшаға тұрақты келу және педагогтермен тығыз байланыста болу ұсынылды.

Сонымен қатар баланың күн тәртібін біртіндеп балабақша тәртібіне сәйкестендіру, ұйқысы мен тамақтануына көңіл бөлу және баланың денсаулық жағдайы туралы тәрбиешіге алдын ала хабарлау қажеттігі айтылды.

Сөз сөйледі:

А.Е.Бектасова баланың балабақшаға бейімделуі кезінде ата-ананың сабырлы болуы және педагогпен тұрақты байланыста болуы маңызды екенін айтты.
Р.Б.Доскалиева ата-аналар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беріп, бейімделу кезеңінде әр балаға жеке көңіл бөлінетінін түсіндірді.

Ата-аналардың сұрақтары мен ұсыныстары

Жиналыс барысында ата-аналар тарапынан баланың балабақшаға бейімделуі, күн тәртібі, ұйымдастырылған іс-әрекет, тамақтану және ата-аналармен кері байланыс орнату мәселелері бойынша сұрақтар қойылды.
Қойылған сұрақтарға меңгеруші, әдіскер және тәрбиешілер тарапынан тиісті түсіндірмелер берілді.
Ата-аналар балаларының балабақшаға жақсы бейімделуі үшін педагогтермен бірлесе жұмыс жасауға дайын екендіктерін білдірді.

Қаулы етті:

1. Жаңадан қабылданған тәрбиеленушілердің ата-аналарымен белгіленген тәртіпке сәйкес келісім-шарттар жасалсын.
2. Ата-аналарға балабақшаның күн тәртібі, ішкі тәртіп талаптары, тәрбиелеу-білім беру процесі және қауіпсіздік ережелері бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.
3. «Баланы ерте жастан дамытуда педагог пен ата-ана байланысын нығайту жолдары» тақырыбындағы ұсыныстар ата-аналар назарына алынсын.
4. Ата-аналар мен педагогтер арасында тұрақты кері байланыс орнатылып, баланың жеке дамуы мен тәрбиесіне қатысты мәселелер бірлесіп шешілсін.
5. Ата-аналарға балалардың балабақшадағы күн тәртібін үй жағдайында да мүмкіндігінше сақтауға және баланың ерте жастағы дамуына қолдау көрсетуге ұсыныс берілсін.
6. Ата-аналар комитетінің құрамы бекітілсін және комитет мүшелері балабақша мен ата-аналар арасындағы байланысты нығайтуға атсалыссын.
7. Балалардың балабақшаға бейімделу кезеңінде педагогтер әр баланың жеке ерекшелігін ескеріп, ата-аналармен тығыз байланыста жұмыс жүргізсін.
8. «Балабақшадағы адаптация» тақырыбында ата-аналарға берілген кеңестер назарға алынсын.
9. Осы қаулының орындалуын бақылау меңгеруші Н.Д.Джубаниязоваға және әдіскер Б.К.Нысановаға жүктелсін.

Төрағасы: **Н.Д. Джубаниязова**

Хатшы: **Ә.О.Сихова**

№2 жалпы ата-аналар жиналысының хаттамасы

Күні: «21» қаңтар 2026 жыл

Қатысқандар: 32 ата-ана
Қатыспағандар: 5 ата-ана

Күн тәртібі:

1. «Бала жетістігі – отбасы мен балабақшаның бірлескен еңбегінің нәтижесі» тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы.
2. І жартыжылдық қорытындысы: балалардың жетістіктері, даму нәтижелері және алдағы міндеттерді ата-аналармен талқылау.

Бірініші мәселе бойынша
«Бала жетістігі – отбасы мен балабақшаның бірлескен еңбегінің нәтижесі»
Тыңдалды:
Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша әдіскер Б.К.Нысанова сөз сөйледі.
Әдіскер өз сөзінде баланың жан-жақты дамуы мен жетістігі ең алдымен отбасы мен балабақша арасындағы өзара түсіністік пен бірлескен жұмыстың нәтижесі екенін атап өтті.
Мектепке дейінгі кезеңде баланың бойында алғашқы әлеуметтік, танымдық, коммуникативтік және шығармашылық дағдылар қалыптасатыны айтылды. Осы кезеңде педагогтің кәсіби қолдауы мен ата-ананың үй жағдайындағы тәрбиесі бір-бірімен тығыз байланыста болуы қажет екені түсіндірілді.
Ата-аналарға баланың жетістігін бағалауда оны басқа балалармен салыстырмай, өзінің алдыңғы нәтижелерімен салыстыру, әрбір кішкентай жетістігін байқап, қолдау көрсету маңызды екені айтылды.
Сонымен қатар балаға үйде өз бетінше әрекет етуге мүмкіндік беру, қарапайым тапсырмаларды орындауға ынталандыру, кітап оқуға қызығушылығын арттыру, бірге ойнау және баланың пікірін тыңдау арқылы оның сенімділігін қалыптастыруға болатыны түсіндірілді.
Педагог пен ата-ана арасындағы тұрақты кері байланыс баланың дамуындағы өзгерістерді дер кезінде байқап, қажетті қолдау көрсетуге мүмкіндік беретіні атап өтілді.
Сөз сөйледі:
Р.А.Рахметова тәрбиеші өз тобындағы балалардың оқу-тәрбие процесіне белсенді қатысып жүргенін айтып, балалардың жетістіктеріне ата-аналардың қолдауы оң әсер ететінін атап өтті.
Э.А.Куанаева ата-аналарға баланың үйдегі күн тәртібін сақтауға, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын қалыптастыруға және баланың жасына сәйкес жауапкершілік беруге көңіл бөлу қажеттігін айтты.
Р.Б.Доскалиева ата-аналардың баланың жетістіктеріне қызығушылық танытып, тәрбиешімен тұрақты байланыста болуы баланың өзіне деген сенімін арттыратынын атап өтті.

Екініші мәселе бойынша
І жартыжылдық қорытындысы: балалардың жетістіктері, даму нәтижелері және алдағы міндеттер
Тыңдалды:
Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша әдіскер Б.К.Нысанова
І жартыжылдықтағы балалардың даму нәтижелері мен жетістіктері туралы ақпарат берді.
І жартыжылдық барысында балалардың ұйымдастырылған іс-әрекеттерге қатысу белсенділігі, құрдастарымен қарым-қатынасы, өз ойын жеткізуі, қарапайым тапсырмаларды орындауы, шығармашылық жұмыстарға қызығушылығы және өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары бойынша жүргізілген жұмыстарға тоқталды.
Әдіскер балалардың әрқайсысының даму қарқыны әртүрлі екенін айтып, бағалау кезінде баланың жеке ерекшеліктерін ескеру қажеттігін атап өтті.
Балалардың бойында қалыптасқан жағымды дағдылармен қатар, алдағы кезеңде әлі де жетілдіруді қажет ететін бағыттар туралы ата-аналарға түсіндірме берілді.
Алдағы уақытта балалардың сөздік қорын молайту, байланыстырып сөйлеуін дамыту, өз ойын еркін жеткізуге үйрету, ұсақ және жалпы моторикасын жетілдіру, өздігінен әрекет ету дағдыларын қалыптастыру және құрдастарымен жағымды қарым-қатынас жасауына жағдай жасау бағытында жұмыстар жалғастырылатыны айтылды.
Сөз сөйледі:
Р.Б.Доскалиева балалардың даму нәтижелерін ата-аналармен бірлесіп талқылаудың маңыздылығына тоқталды. Әр баланың жеке ерекшелігіне қарай қолдау көрсету қажеттігін айтты.
Психолог Ә.О. Сихова баланың эмоционалдық жағдайына көңіл бөлу, оны тыңдау, жетістігі үшін мадақтау және қиындық туындаған жағдайда қолдау көрсету қажеттігін түсіндірді.
Психолог ата-аналарға баланың бойындағы сенімділікті қалыптастыру үшін оны жиі қолдап, жетістіктерін атап отыру, шамадан тыс талап қоймау және балаға өз ойын еркін жеткізуге мүмкіндік беру жөнінде кеңес берді.
Ата-аналармен кері байланыс
Жиналыс барысында ата-аналарға І жартыжылдықта балалардың жетістіктері мен даму нәтижелері туралы ақпарат беріліп, алдағы уақытта жүргізілетін жұмыстардың негізгі бағыттары түсіндірілді.
Ата-аналар тарапынан балалардың сөйлеу белсенділігі, құрдастарымен қарым-қатынасы, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары және үй жағдайында баланың дамуына қолдау көрсету жолдары бойынша сұрақтар қойылды.
Қойылған сұрақтарға тәрбиешілер, әдіскер және психолог тарапынан тиісті түсіндірмелер мен ұсыныстар берілді.
Ата-аналар балаларының жетістіктеріне қызығушылық танытып, педагогтермен бірлесе жұмыс жүргізудің маңыздылығын атап өтті.
Қаулы етті:
1. «Бала жетістігі – отбасы мен балабақшаның бірлескен еңбегінің нәтижесі» тақырыбындағы ата-аналар жиналысының ұсыныстары назарға алынсын.
2. Ата-аналар мен педагогтер арасындағы өзара байланыс пен тұрақты кері байланыс нығайтылсын.
3. І жартыжылдық қорытындысы бойынша анықталған балалардың даму нәтижелері ескеріліп, әр баланың жеке ерекшелігіне сәйкес педагогикалық қолдау көрсетілсін.

4. Балалардың танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, әлеуметтік және дене дағдыларын дамыту бағытындағы жұмыстар II жартыжылдықта жүйелі түрде жалғастырылсын.
5. Ата-аналарға үй жағдайында балалардың өз бетінше әрекет етуіне, сөйлеуіне, шығармашылықпен айналысуына және күнделікті қарапайым міндеттерді орындауына мүмкіндік беру ұсынылсын.
6. Баланың жетістіктерін қолдау мақсатында ата-аналар баланы басқа балалармен салыстырмай, оның жеке даму қарқынына назар аударсын.
7. Психолог тарапынан балалардың эмоционалдық жағдайын қолдау және ата-аналарға қажетті жағдайда жеке кеңес беру жұмыстары жалғастырылсын.
8. II жартыжылдықта балалардың дамуындағы алға ілгерілеуді бақылау және ата-аналармен кері байланысты тұрақты жүргізу қамтамасыз етілсін.
9. Осы шешімдердің орындалуын бақылау әдіскер Б.К.Нысановаға жүктелсін.

Төрағасы: **Н.Д. Джубаниязова**

Хатшы: **Ә.О.Сихова**

№3 жалпы ата-аналар жиналысының хаттамасы

Күні: «26» мамыр 2026 жыл
Қатысқандар: 31 ата-ана
Қатыспағандар: 6 ата-ана
Күн тәртібі:

1. **«Бала – біздің болашағымыз»** тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы.
2. **«Жазғы демалыстың қауіпсіздігін ұйымдастыру»** тақырыбында кеңес беру.

Бірінші мәселе бойынша
«Бала-біздің болашағымыз»
Тыңдалды:
Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша меңгеруші Н.Д. Джубаниязова сөз сөйледі.
Меңгеруші өз сөзінде баланың тәрбиесі мен дамуы – отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның ортақ міндеті екенін атап өтті. Баланың балабақшадағы кезеңі оның тұлғалық қасиеттерінің, қарым-қатынас мәдениетінің, танымдық қызығушылығының және өзіне деген сенімінің қалыптасуында маңызды орын алатынына тоқталды.
Ата-ананың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігіне ерекше назар аударылды. Баланың әрбір жетістігін қолдау, оның пікірін тыңдау, өз ойын еркін жеткізуіне мүмкіндік беру және жақсы әдеттерін қалыптастыру арқылы ата-ана баланың болашақтағы дамуына негіз қалайтыны айтылды.
Меңгеруші оқу жылы бойы балабақша мен ата-аналар арасында жүргізілген бірлескен жұмыстарға тоқталып, ата-аналардың тәрбиелеу-білім беру процесіне белсенді қатысқаны үшін алғыс білдірді.
Сонымен қатар алдағы уақытта да ата-аналар мен педагогтер арасында тығыз қарым-қатынасты сақтап, баланың тәрбиесі мен дамуына бірлесіп қолдау көрсету қажеттігі айтылды.
Сөз сөйледі:
Әдіскер Б.К.Нысанова оқу жылы барысында балалардың тәрбиелеу-білім беру процесінде қол жеткізген жетістіктеріне тоқталды. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес олардың танымдық, шығармашылық, әлеуметтік-коммуникативтік және дене дағдыларын дамыту бағытында жұмыстар жүргізілгенін атап өтті.
Ата-ана Хайрошева Г.Т балабақша ұжымына балаларға көрсеткен қамқорлығы мен еңбегі үшін алғысын білдіріп, ата-аналар мен педагогтердің бірлескен жұмысының маңыздылығын атап өтті.
Екінші мәселе бойынша
«Жазғы демалыстың қауіпсіздігін ұйымдастыру»
Тыңдалды:
Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша медбике сөз сөйледі.
Медбике жазғы кезеңде балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлу қажеттігін атап өтті. Жаз мезгілінде балалардың таза ауада көп уақыт өткізетінін ескере отырып, күннің ыстығында баланы ұзақ уақыт тікелей күн сәулесінде қалдырмау, бас киім кигізу және жеткілікті мөлшерде сұйықтық ішуін қадағалау қажеттігі түсіндірілді.
Балалардың жазғы демалысы кезінде жеке бас гигиенасын сақтау, қолды жиі жуу, жеміс-жидек пен көкөністерді жақсылап жуу, тамақ өнімдерінің сақталу жағдайына көңіл бөлу керектігі айтылды.
Сонымен қатар су айдындарындағы қауіпсіздікке ерекше назар аударылды. Балаларды суға жақын жерлерде қараусыз қалдырмау, суға түсу кезінде ересек адамның тұрақты бақылауын қамтамасыз ету қажеттігі ескертілді.

Сөз сөйледі:

Әдіскер Б.К.Нысанова жазғы кезеңде балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастырудың маңыздылығына тоқталды. Баланың қозғалысына, таза ауада серуендеуіне және шығармашылық әрекетпен айналысуына мүмкіндік беру ұсынылды.

Меңгеруші Н.Д.Джубаниязова ата-аналарға жазғы демалыс кезінде қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтауды ескертті. Әсіресе жол қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі, судағы қауіпсіздік және тұрмыстық қауіпсіздік мәселелеріне мұқият болу қажеттігін атап өтті.

Ата-аналарға жазғы демалыс кезеңінде балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша қажетті түсіндірмелер берілді.

Ата-аналардың сұрақтары мен ұсыныстары

Жиналыс барысында ата-аналар жазғы демалыс кезінде баланың күн тәртібін сақтау, дұрыс тамақтану, күннен қорғану, судағы қауіпсіздік және баланың бос уақытын тиімді ұйымдастыру бойынша сұрақтар қойды.

Қойылған сұрақтарға меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер және медбике тарапынан нақты түсіндірмелер мен ұсыныстар берілді.

Ата-аналар жазғы кезеңде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша айтылған ұсыныстарды назарға алатындарын білдірді.

Қаулы етті:

1. «Бала – біздің болашағымыз» тақырыбындағы жалпы ата-аналар жиналысының ұсыныстары назарға алынсын.
2. Баланың тәрбиесі мен дамуына қатысты мәселелерде ата-аналар мен педагогтердің өзара ынтымақтастығы әрі қарай жалғастырылсын.
3. Ата-аналарға жазғы демалыс кезеңінде балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша түсіндірілген талаптарды сақтау ұсынылсын.
4. Балаларды күннің ыстық уақытында тікелей күн сәулесінің әсерінен қорғау, бас киіммен қамтамасыз ету және сұйықтық ішуін қадағалау ата-аналардың назарына ұсынылсын.
5. Жазғы демалыс кезінде балаларды су айдындарында, жол бойында, ойын алаңдарында және қоғамдық орындарда қараусыз қалдырмау қажеттігі ескертілсін.
6. Жеке бас гигиенасын сақтау, дұрыс тамақтану және қауіпсіздік талаптарын орындау бойынша ата-аналармен түсіндіру жұмыстары жалғастырылсын.
7. Балалардың жазғы демалысын мазмұнды өткізуіне, қимыл-қозғалыс белсенділігіне және шығармашылық әрекетіне жағдай жасау ұсынылсын.
8. Балалардың денсаулығына байланысты өзгерістер байқалған жағдайда ата-аналар медициналық маманға уақытылы жүгінсін.
9. Осы қаулының орындалуын бақылау меңгеруші Н.Д.Джубаниязоваға және әдіскер Б.К.Нысановаға жүктелсін.

Төрағасы: **Н.Д. Джубаниязова**

Хатшы: **Ә.О.Сихова**